

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

20.03.2024 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Қазақстанда квазимемлекеттік сектор **6 мыңға жуық** кәсіпорындарымен ұсынылған, 300 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтыған.

Мемлекет экономиканың **30 секторының 20-на қатысады**, Экономикалық ынтымақтастық және Даму ұйымы (ОЭСР) елдерінде орташа көрсеткіш **13-ті құрайды**.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектор субъектілері жеке бәсекелестікті дамыту орынды болатын салаларда жұмыс атқаруда: мысалы, өңдеу өнеркәсібі, қаржылық қызметтер, көлік тасымалы, телекоммуникациялар, жер қойнауын пайдаланудың жекелеген түрлері. , т.б.

Қазақстанда **Yellow Pages қағидаттары** сақталмайды, бұл жеке кәсіпкерліктің дамуына кері әсер етеді, инновацияларды тежейді және еңбек өнімділігінің өсуін төмендетеді, нәтижесінде болашақта экономиканың дамуы бәсеңдетіледі.

Бүгінгі күнге дейін мемлекеттік автобус парктері, микроқаржы ұйымдары, аумақтарды тазалау және абаттандыру ұйымдары, қонақ үйлер мен санаторийлер, күзет агенттіктері бар, олар өз қызметіне тікелей тапсырыстар мен субсидиялар алады.

Мысалы, 2024 жылы «Қызылорда электр желісін тарату компаниясы» коммуналдық кәсіпорны құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша Мемлекеттік сатып алу шеңберінде жеке бәсекелестер бола тұра, **1 млрд. теңгеден** астам сомаға 300 келісімшартты алған.

«Алматыэлектротранс» - Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық кәсіпорны 2018-2023 жылдары аралығында бюджеттен **378 млрд теңге** көлемінде субсидия және көмек алды.

Қаржы лизингі нарығының **95%-ы** екі квазимемлекеттік ұйымына тиесілі.

Қазақстан жаппай жеке кәсіпкерлікті дамыту жолымен жүріп жатырма, әлде біз мемлекеттік капитализмді құруды жалғастыра береміз бе, нақты шешім қабылдау керек.

Нарықтық экономика мемлекет экономикаға шамадан тыс араласуды қойып, **жеке бизнеспен бәсекелесуді тоқтатқан жағдайда ғана** мүмкін болады.

Квазимемлекеттік сектор ұйымдары әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда жұмыс істейді: жеке корпоративтік (АҚ және ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындар (республикалық және коммуналдық). Бұл формалар анықтамасы бойынша коммерциялық болып табылады. Осыған байланысты олардың нысандарын және құру мақсаттарын/міндеттерін қайта қарау қажет.

Жалпы басшылықты жүзеге асыратын алқалы корпоративтік басқару органдарына мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғалар кіреді.

Бұл ретте мемлекеттік кәсіпорындардың және квазимемлекеттік ұйымдарының басқару органдарына кандидаттарды іріктеудің бірыңғай ашық механизмі жоқ, олармен байланысты. Қазақстанда тәуелсіз директорлардың бірыңғай тізілімі жоқ.

«Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысымен бекітілген құжат орындалмады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысымен бекітілген квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға кірісуді;

2. Жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компанияларға толық ревизия және талдау жүргізуді. Олардың мақсаттары мен міндеттерін қайта қарауды. Біртекті квазимемлекеттік компанияларды реформалау және біріктіру, қайталанатындарды жоюды;

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компаниялар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін қайта қарауды. Жеке баламалар болмаған кезде мемлекеттің тек **әлеуметтік объектілерге** (*денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер*) және **стратегиялық объектілерге** (*инфрақұрылымдық объектілер, энергетика, көлік*) қатысу мүмкіндігін қалдыруды, барлық басқа объектілерді жекешелендіру жоспарына енгізуді;

4. Осы қызметті цифрландыру және оларды жариялау арқылы жекешелендіру рәсімінің толық ашықтығын қамтамасыз етуді;

5. Квазимемлекеттік компаниялардың қызметінде корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін қолдануды. Квазимемлекеттік компаниялардың басқарушы органдары басшыларының конкурстық

іріктеуінің, сыйақысының және есептілігінің нақты критерийлерін бекітуді. Тиісті ассоциация негізінде квазимемлекеттік компаниялар үшін тәуелсіз директорлар тізілімін құруды ұсынамыз.

**Құрметпен,
Депутаттар,
«Respublica» партиясы
фракциясының мүшелері**

**А. Қошмамбетов
А. Қожаназаров
О. Құспеков
Р. Берденов
Д. Наумова
Н. Тау**

**«Қазақстан Халық Партиясы»
фракциясының мүшесі**

И. Смирнова

*Орынд.: Б. Нурова
Тел.: 74-61-96, nurova@parlam.kz*